

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 29-31

МАСАҚПАЙ ЖШС-ТЕГІ ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ СИЫРЛАРЫНЫҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРУ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

*Аманкүл Қ. – 2 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-
Сұлтан қаласы*

Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы саласын қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі, ол мал шаруашылығы өнімін өндіруді перспективалық ұлғайту, табынның қарқынды өсімін дамыту болып табылады. Мал шаруашылығындағы ғылыми-техникалық үрдістің ең тиімді бағыты, қолдан ұрықтандыру болып саналады.

Ауыл шаруашылығының экономикасында ірі қара шаруашылығы маңызды орын алады, себебі болашақта малдың тұқымдық құрамын және өсіп-өндіру технологиясын жақсартудың өзіндік үлесі зор. Жекелеген шаруашылықтарда малдың жалпы басының өсуіне және ірі қара шаруашылықтарының ары қарай дамуына сиырлардың малының күйлеу мерзімінің және жыныстық циклының дер кезінде келмеуі, шаруашылыққа үлкен зиян тигізеді. Қазіргі кезде, ет бағытындағы жоғарғы өнімді сиырлардың күйлеу мерзімін гормоналдық препараттардың көмегімен келтіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Соңғы жылдарда алдыңғы қатарлы мал шаруашылықтарында қолдан ұрықтандыру саласы өндірісінің ең маңызды саласы болып есептеледі. Қазіргі таңда қолдан ұрықтандыру жұмыстары қарқын алған сайын малды өсірумен айналысатын шаруашылықтарға көптеп кіріс беруде, әсіресе сүт бағытындағы ірі қара мал шаруашылықтарында. осы мәліметтерді толығымен құптайды. Аналық бездердің гипофункциясы барысында олар өз жұмысында фоллимагты қолдану арқылы 100% сиырларда жыныстық циклінің қалпына келуіне қол жеткізді, ал 86% сиырлар ұрықтанылды [1].

Жекелеген шаруашылықтарда малдың жалпы басының өсуіне және ірі қара шаруашылықтарының ары қарай дамуына сиырлардың күйлеу мерзімінің және жыныстық циклының дер кезінде келмеуі, шаруашылыққа үлкен зиян тигізеді. Қазіргі кезде, ет бағытындағы жоғарғы өнімді сиырлардың күйлеу мерзімін гормоналдық препараттардың көмегімен келтіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр[2].

Ірі қара малдың жоғары өнімді табынын өсіру асыл тұқымды шаруашылықтардағы бұқаларының тұқымдық қорын пайдалану негізінде

жүзеге асырылады, онда бұқалардың сапасы стандарт бойынша бағаланады. Қолдан ұрықтандыруды (ҚҰ) пайдалану кезінде өнімді ірі қара мал популяциясының жалпы генетикалық көрсеткіштерін жақсартудағы тұқымдық бұқалардың үлесі 80-90%-ды құрайды [3].

Сиырлардың жыныс циклін қолдан ұрықтадыру кезінде іске асыру мақсатында мұқият бақылау міндетті шарт болып саналады. Сиырларды дұрыс азықтандыру, бағу және технологиялық пайдалану кезінде олардың ұдайы өндіру функцияларының жыл бойына қадағалау қажет [4].

Аналық малдың аналық жыныс безін ынталандыруға репродуктивті жүйенің айтарлықтай әсері биологиялық белсенді заттарды қолданудың ғылыми негіздемесіне ие [5].

Зерттеу мақсаты Геррефорд тұқымының сиырларының ұдайы өндіру функцияларына әсер ететін факторларды анықтау.

Міндеттері.

- Шаруашылықтағы сиырларды акушерлік-гинекологиялық диспансерлеу.

- Шаруашылықтағы сиырлардың сервис-кезеңінің ұзақтығын және ұрықтану санын анықтау.

Зерттеу материалдарымен әдістері. Негізгі зерттеу жұмыстары 2020-2022 жылдары Қарағанды облысы Осакаровка ауданының «Масақбай» ЖШС шаруа қожалығында жүргізілді. Шаруашылықтың ірі қара малы арасында акушерлік–гинекологиялық патологияларды зерттеу жұмыстары шаруашылықтағы малдардың жағдайына байланысты жүргізілді. Сиырларды Канададан әкелінген ұрықтармен ректо-цервикалды әдісімен ұрықтандырылды.

Зерттеу құралдары ретінде – сиырлар, Канададан әкелінген мұздатылған ұрықтар

Зерттеу нәтижелері.

Эксперимент кезінде алынған мәліметтер төмендегі кестелерде көрсетілген.

Кесте 1 - Сиырлардың жыныс мүшелерінің ауруларының таралуы

Көрсеткіші	Бас, саны	%
Алынған тірі бұзау	235	78.0
Өлі тугандар	6	2.0
Іш тастағандар	9	3.0
Буаз сиырлардың есептен шыққаны	4	1.4
Бедеуліктің салдарынан алынбаған төл саны	46	15.6
Барлығы	300	100.0

Кестеде көрсетілген мәліметтерге анализ беру кезінде жалпы 300 бас сиырлардан 235 бұзау алынған, ол 78% құрды. Сонымен қатар 65 сиырларда

келесі патологиялар: өлі тугандар 6 бас(2.0 %), іш тастағандары 9 сиыр(3.0 %), буаз сиырлардың есептен шыққаны 4 бас (1.4 %), бедеуліктің салдарынан алынбаған төл саны 46 бас (15.6 %).Қорытындылай келе патологиялардың ішінен көп мөлшерде ол бедеуліктің салдарынан туған себептер.

Кесте 2 - Сиырлардың жыныс циклінің көрінуі

Көрсеткіш і	Өлшем бірлігі	Бас, саны	Туғаннан кейін күйге келгендері			
			30-ші күнге дейін	31-60-ші күнге дейін	61-90-ші күнге дейін	90-шы күннен жоғары
Сервис-кезеңінің ұзақтығы	Бас.	250	50	54	60	86
	%	100	20.0	21.6	24.0	34.4
Туғаннан кейін күйге келгендері	Бас.	250	83	90	33	44
	%	100	33.2	36.0	13.2	17.6

Екінші кестеде көрсетілгендей жалпы сиырлардың сервис-кезеңінің 90-шы күннен жоғары - ұзақтығы 86 бас сиырларда байқалды , яғни ол 34.4 % құрды. Сиырлар төлдегеннен кейін сервис-кезеңі 30-шы күнінде 50 сиырларда (20.0%), 31-60-ші күнге дейін- 54 бас (21.6%) және 61-90-ші күнге дейін 60 бас (24.0%) тең болды.

Сонымен қатар, сиырлар туғаннан кейін олардың күйтті келесі мерзімдерде: 30-ші күнге дейін 83 баста (33.2 %), 31-60-ші күнге дейін - 90 сиырларда (36.0%), 61-90-ші күнге дейін 33 сиырларда (13.2%) және 90-шы күннен жоғары уақытта 44 бастарда, яғни (17.6 %) келді.

Кесте 3 - Сиырларды ұрықтандырғаннан кейінгі ұрықтану нәтижелері

Көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Бас, саны	Ұрықтанғандары			
			1-ші ұрықтандырудан	2-ші ұрықтандырудан	3-ші ұрықтандырудан	4-ші ұрықтан-дырудан кейін және одан жоғары

Ұрықтандыру саны	Бас	250	50	142	31	27
	%	100	20.0	56.8	12.4	10.8

3-кестеде келтірілген мәліметтер бойынша 20 % сиырлар бірінші ұрықтандырудан кейін ұрықтанды. Сонымен қатар 69, 2 % сиырларда ұрықтандыру саны 2 және 3 рет, ал 27 бас сиырларда, ол 10.8 % құрды, оларда ұрықтандыру саны 4 рет және одан жоғары болды.

Қорытынды. Шаруашылықтағы сиырларды акушерлік-гинекологиялық диспансерлеу кезінде 300 бас сиырлардан 65 сиырларда келесі патологиялар: өлі тугандар 6 бас (2.0 %), іш тастағандары 9 сиыр (3.0 %), буаз сиырлардың есептен шыққаны 4 бас (1.4 %), бедеуліктің салдарынан алынбаған төл саны 46 бас (15.6 %) патологиялардың ішінен көп мөлшерде ол бедеуліктің салдарынан туған себептер.

Сиырлардың сервис-кезеңінің ұзақтығы 90-шы күннен жоғары уақытта 86 бас сиырларда байқалды, яғни ол 34.4 % құрды.

Сонымен қатар, сиырлар туғаннан кейін олардың күйтті келесі мерзімдерде: 30-ші күнге дейін 83 баста (33.2 %), 31-60-ші күнге дейін- 90 сиырларда (36.0%), 61-90-ші күнге дейін 33 сиырларда (13.2 %) және 90-шы күннен жоғары уақытта 44 бастарда, яғни (17.6 %) келді.

Қолданылған әдебиеттер

1 Әбдірахманов, Т.Ж. Ветеринарлық акушерлік және гинекология: оқулық / ҚР Білім және ғылым министрлігі. - Астана : С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2018. - 442 б.

2 Pursley J. R., Kosorok M. R. and Wiltbank M. C. Reproductive management of lactating dairy cows using synchronization of ovulation // J. Dairy Sci., 2006. - Vol. 80. - P.301. 1

3 Хон, Ф. К. Сравнительная эффективность методов синхронизации охоты у телок молочного направления продуктивности / сборник статей по материалам Всероссийской (национальной) научно-практической конференции, Курган, 11 марта 2021 года. – Курган: Курганская государственная сельскохозяйственная академия им. Т.С. Мальцева, 2021. – С. 253-257.

4 Аминова, А. Л. Индикатор охоты для определения времени осеменения коров / материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летнему юбилею доктора сельскохозяйственных наук, профессора Н.Г. Фенченко, Уфа, 27–28 июня 2019 года / Башкирский научно-исследовательский институт сельского хозяйства Уфимского федерального исследовательского центра РАН. – Уфа: ООО "Первая типография", 2019. – С. 9-14.

5 Советов Ж.Т., Жақыпов И.Т. «Сиырлардың жыныстық қызметін белсендіруде гормональды препараттарды, витаминдерді және

стимуляторларды қолдану» Globals science and innovations 2019:centralasia»
атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет конференция жинағы
материалы IV 2019 жыл, 166-169 беттер.